

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Басқару институты

қолжазба құқығында

Елтаев Биржан Елеусизович

**АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ МЫСАЛЫНДА АУЫЛ
ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ
СУБСИДИЯНЫ ДАМУ**

«7M041 – Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша
«7M04105 – Мемлекеттік саясат» білім беру бағдарламасы

Бизнес және басқару магистрі дәрежесін иелену үшін «7M04105 –
Мемлекеттік саясат» білім беру бағдарламасы магистрлік жоба

Ғылыми жетекші: _____ Рустамбеков С.И.

Жоба (зерттеу) қорғауға жіберілді: « ____ » _____ 2024ж

Басқару институтының директоры _____ Гаипов З.С., с.ғ.д.

Астана, 2024

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	4
КІРІСПЕ	
НЕГІЗГІ БӨЛІМ	8
1-тарау. АӨК саласындағы қолданыстағы инвестициялық субсидиялау жүйесін талдау және ұсыныстар жасау	12
2-тарау. АӨК-і инвестициялық субсидиялау қағидаларын талдау ұсыныстар әзірлеу	19
3-тарау. Ауыл шаруашылығын субсидиялаудағы шетелдік тәжірибені талдау және ұсыныстар әзірлеу	23
ҚОРЫТЫНДЫ	28
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ	30
ҚОСЫМШАЛАР	34
АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА НЫСАНЫ	39

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы магистрлік жобада келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 960 қаулысы.

Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 66 Заңы.

Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 270 қаулысы.

Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығы.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АӨК	–	агроөнеркәсіптік кешен
ҚР	–	Қазақстан Республикасы
АҚШ	–	Америка Құрама Штаттары
АЕО	–	Ақпараттық-есепке алу орталығы
АШБ	–	Ауыл шаруашылығы басқармасы
АҚ	–	Акционерлік қоғам
ЖШС	–	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
СМАЖ	–	Субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесі
БСН	–	Бизнес сәйкестендіру нөмірі
ЖСН	–	Жеке сәйкестендіру нөмірі

КІРІСПЕ

Тақырыптың өзектілігі мен жаңалығы: Еліміз үшін ауыл шаруашылығы саласын субсидиялау тақырыбы өте өзекті болып табылады.

Біріншіден мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтқандай: «Алдымызда тағы бір өте маңызды міндет тұр. Біз агроөнеркәсіп кешенінде нақты серпіліс жасауымыз керек. Ауыл шаруашылығы саласының елеуеті орасан зор. Бірақ біз қолда бар мүмкіндіктерді әлі де толық пайдаланбай отырмыз.

Қазақстанның айналасында өнім өткізетін өте үлкен нарықтар бар. Онда сапалы азық-түлік өнімдері тапшы. Қазақстанның стратегиялық мақсаты – Еуразия құрлығындағы басты аграрлық орталықтың біріне айналу. Осы мақсатқа қол жеткіземіз десек, ең алдымен, өнімді жоғары деңгейде өңдеуге көшуіміз қажет. Онсыз болмайды. Біз алдағы үш жыл ішінде агроөнеркәсіптегі өңделген өнім үлесін 70 пайызға жеткізуіміз керек. Бұл – нақты міндет. Жұртты өнім өңдеуге ынталандыру керек» - деді [1].

Сондай-ақ «Қазақстан-2050» стратегиясы бәсекеге қабілеттілік, инвестициялар тарту және олардың кірістілігін қамтамасыз ету қағидаттарына негізделген жаңа экономикалық саясатты құруға басымдық береді. Елдің негізгі стратегиялық құжатында бекітілген басым бағыттардың бірі Қазақстанның әлемдік агроөнеркәсіптік кешені (бұдан әрі – АӨК) өндірісінің көшбасшылары қатарына кіруі мақсатында ауыл шаруашылығын жаңғырту болып табылады. Осылайша, орта мерзімді перспективада отандық ауыл шаруашылығы кешенінің елеулі дамуы үшін, жағдай жасау қажет. Бұдан басқа, бюджет саясаты әрбір бюджет теңгесі үшін жұмсалған ресурстарды қайтаруды қамтамасыз ете отырып, өнімді инвестициялық жобаларға бағытталуы тиіс [2].

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес. Тұтастай алғанда, соңғы жылдары мемлекеттік қолдау шараларын іске асырудың арқасында Қазақстан Республикасының АӨК дамуының оң серпіні байқалады, ауыл шаруашылығы өнімін және оның өңделген өнімдерін өндіру көлемі ұлғаюда, жабдықпен және заманауи жоғары өнімді ауыл шаруашылығы техникасымен жарақтану өсуде [3].

Жоғарыда көрсетілген дәлелдерге сәйкес, АӨК-і дамыту саласы мемлекетіміз үшін өзекті мәселе екенін көре аламыз. Сол себепті бұл саланы дамыту үшін, мемлекет тарапынан жүргізіліп отырған қолдау түрінің алатын орны ерекше. Өйткені ол фермерлердің кірістерін тұрақтандыруға, ауыл шаруашылығына инвестицияларды ынталандыруға және ауылдық жерлердегі еңбек жағдайларын жақсартуға ықпал етуде.

Бұл тақырыпты зерттеу ағымдағы субсидиялардың тиімділігін бағалауды, олардың экономикаға әсерін, өмір сүру деңгейін және ауылдық жерлердің біркелкі дамуын талдауды және оңтайлы нәтижелерге қол жеткізу үшін субсидиялау тетіктерін жақсарту бойынша ұсыныстарды қамтиды.

Осылайша, Қазақстанда АӨК саласын субсидиялау мәселелерін зерделеу ауыл шаруашылығын қолдаудың неғұрлым тиімді әдістерін айқындау және осы саланың орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін маңызды деп ойлаймыз.

Бұл жұмыстың басқа зерттеу жұмыстарымен, диссертациялармен байланысы:

Қазақстандағы АӨК саласындағы инвестициялық субсидиялау мәселесіне қатысты бұрынғы зерттеулер негізінен Республикалық деңгейге баса назар аударылып, аймақтық сипаттамалар шетте қалды. Бұл жұмыс осындай зерттеулермен тікелей байланысты, олардың аясын кеңейтіп, Ақмола облысы деңгейіндегі инвестициялық субсидиялау мәселесін жетілдіру бойынша жаңа практикалық ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері:

АӨК-і инвестициялық субсидияларды жүзеге асыру барысында туындайтын мәселелерді анықтау, жетілдіру жолдарын зерттеу және ұсыныстар әзірлеу.

Бұл мақсаттарға жету үшін келесідей міндеттерді орындау қажет:

- Қазақстан Республикасында АӨК-і инвестициялық субсидиялаудың нормативтік реттелуін зерттеу;
- Шетелдік тәжірибені зерделеу және озық тәжірибесін елімізде қолдану мүмкіндіктерін қарастыру;
- АӨК-і инвестициялық субсидияны жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу объектісі мен мәні:

Зерттеу объектісі – АӨК саласындағы инвестициялық субсидиялау мәселесі, ал мәні – инвестициялық субсидияларды жетілдіру процесінде туындайтын қатынастар.

Теориялық және әдістемелік негізі:

Зерттеу жұмысы АӨК саласындағы инвестициялық субсидиялау мәселесінің қазіргі теориялық қағидаларына, сондай-ақ ауыл шаруашылығы саласындағы инвестициялық субсидиялау мәселесін талдау және басқару әдістемесіне негізделген.

Зерттеудің ақпараттық базасы:

Ауыл шаруашылығы саласындағы инвестициялық субсидиялауды дамыту саясатын көрсететін заңдар мен нормативтік құқықтық актілер, ғылыми жарияланымдарды, статистикалық мәліметтерді талдау, әдебиеттерге шолу. Инвестициялық субсидиялауға қатысты шет елдік деректер мен аналитикалық материалдар зерделенді.

Ғылыми жаңалық:

Бұл зерттеудің ғылыми жаңалығы – Ақмола облысы аймағындағы АӨК саласындағы инвестициялық субсидиялау мәселесінің ерекшеліктері мен заманауи талаптарын ескере отырып, ауыл шаруашылығы саласындағы осы қолдау түрін жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар әзірлеуде.

Қорғауға ұсынылған негізгі ғылыми ережелер:

Негізгі ғылыми ережелерге Ақмола облысындағы ауыл шаруашылығы саласындағы инвестициялық субсидиялау бағытындағы негізгі проблемалары

мен міндеттерін анықтау, сондай-ақ оларды шешу бойынша тәжірибелік ұсыныстар әзірлеу кіреді.

Теориялық және практикалық маңызы:

Зерттеудің теориялық маңыздылығы аймақтық АӨК саласындағы инвестициялық субсидиялау туралы ғылыми түсініктерді кеңейтуде. Практикалық маңыздылығы әзірленген ұсыныстарды жалпы ауыл шаруашылығы саласындағы инвестициялық субсидиялау процестерін басқаруды жақсарту үшін пайдалану мүмкіндігінен көрінеді.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және енгізу:

Зерттеу нәтижелері ғылыми конференциялар мен семинарларда баяндалады, сондай-ақ жалпы АӨК саласында инвестициялық субсидиялауды жетілдіру үшін пайдалана алады. Алғашқы сынақ 2023 жылдың 13 қазанында ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында «Мемлекеттік қызмет: қағидаттар мен құндылықтар» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында «Ақмола облысының мысалында ауыл шаруашылығы саласындағы инвестициялық субсидиялауды дамыту» тақырыбымен баяндалды [4].

Магистрлік жобаның құрылымы мен көлемі:

Магистрлік жоба құралымы жағынан мазмұны, нормативтік сілтемелер, анықтамалар, белгілеулер және қысқартулар, кіріспе, негізгі бөлім: оның ішінде әдебиетке шолу, зерттеу әдістері, 2 тараудан, талдау мен зерттеу нәтижелері, ұсыныстар әзірлеу, сонымен қатар қорытынды, пайдаланылған дереккөздердің тізімі, қосымшалардан тұрады. Көлемі жағынан 50 бет.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Әдеби шолу және халықаралық тәжірибе

Заманауи зерттеулер көптеген авторлардың еңбектерінде АӨК-і субсидиялау мәселелерін, сондай-ақ заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер мен мемлекеттік бағдарламаларды кеңінен талқылайды. Алайда, АӨК субъектілерін инвестициялық субсидиялау тақырыбы 2014 жылы Қазақстанда енгізілген бағдарламаның салыстырмалы жаңалығына байланысты отандық ғылыми әдебиеттерде аз зерттелген. Осыған қарамастан, ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың тиімділігі Қазақстанда да, одан тыс жерлерде де, әлемдік ғылыми қоғамдастықта көптеген зерттеулер үшін өзекті тақырып болып қала береді. Өйткені ауыл шаруашылығындағы инвестициялық субсидия аграрлық сектор мен ауылдық аумақтарды дамытуды қолдаудың маңызды құралы болып табылады. Сонымен қатар жалпы АӨК-і субсидиялауға қатысты отандық авторлардың ойлары әр түрлі болып келеді.

Академик, әлемге әйгілі ғалым Мехлис Сүлейменов «Қазір АӨК-і қаржыландыру дағдарысқа қарамастан артып келеді. Бұл туралы Президент айтты. Бірақ ауыл шаруашылығын көтеру үшін үлкен қаржылық әсер қажет. Жалпы, мемлекеттік деңгейде қабылданып жатқан АӨК қолдау шаралары өз жемісін беруде» - деп атап өтті [5].

Сарапшылардың бағалауы бойынша, республиканың ресурстары халық тұтынатын азық-түліктен үш есе көп өнім өндіруге мүмкіндік береді. Алайда, қазіргі уақытта Қазақстанда ауыл шаруашылығын дамыту ескірген технологияларды пайдалану, шаруашылық жүргізудің өзгеру жағдайларына жылдам трансформациялаудың мүмкін еместігі, өндіріс процесінде маусымдылықтың объективті болуы, жекелеген бағыттардың төмен рентабельділігіне байланысты қиынға соғуда. Сонымен бірге техникалық базаның тозуы. Бұл ретте кірістер мен бағалар деңгейлерінің, ауыл шаруашылығы өнімін өндірудің өзіндік құнының және оны қайта өңдеу өнімдерінің арақатынасында бар проблемалар шешілуге тиіс. Ауыл шаруашылығы өндірісіндегі қалыптасқан проблемаларды шешу үшін ең тиімді әдіс оларды қаржылық мемлекеттік қолдау болып табылады [6].

Бұл ретте ресурстарды пайдаланудың ұтымдылық дәрежесі субсидияларға байланысты емес: мұнда аграршылардың білімі, дағдылары бірінші орынға шығады. Егер олар агротехнологияны сақтамайтындарға бөлінетін болса, субсидиялардан қажетті нәтиже болмайды [7]. Бұл мәселе Қазақстан үшін өзекті болып табылады.

Экономист М. Темірхановтың пайымдауы бойынша: «Қазақстандағы ауыл шаруашылығындағы субсидиялардың мынадай кемшіліктері бар: Қоғам үшін ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасы мен қол жетімділігін төмендетпейді»; АӨК-нің ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілігі мен тиімділігін жақсартпайды; Қысқа мерзімді әсері бар; «Жерді тиімсіз пайдалануға және бәсекеге қабілетсіз өнім өндіруді ынталандыруға; Ірі және ұсақ ауыл шаруашылығы өндірушілері арасындағы табыстардағы теңсіздікті кеңейтеді» деп атап өтті» [8].

Қазіргі заманғы шетелдік авторлардың көбі өздерінің ғылыми еңбектерінде ауыл шаруашылығы саласында субсидияны пайдаланудың маңызды екенін айтуда. Сонымен қоса АӨК-ң дамуына субсидиялаудың қосатын үлесі орасан зор деген пікірлер айтуда [9].

Гофман орталығының сарапшылары тұрақты ресурстық экономиканы зерттеу барысында, ауылшаруашылық субсидиялары ұзақ уақыт бойы әртүрлі саяси мақсаттарға жету үшін, ресурстарды пайдалануға әсер етуге бағытталған мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылатынын атап өтті. Қолдаудың бұл түрі өндіріс пен тұтыну үлгілеріне айтарлықтай әсер етеді, кедейлік деңгейіне, азық-түлік қауіпсіздігіне, тамақтануға және климаттың өзгеруі, жерді пайдалану сияқты аспектілерге айтарлықтай әсер етеді [10].

Субсидиялауды іске асыру кезіндегі ықпалды бағалау жөніндегі халықаралық бастаманың шолуына сәйкес, өңірлік деңгейде бөлудің ашық тетігінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажет. Жергілікті деңгейде субсидиялар берілген жағдайларда фермерлер оларға қол жеткізу құқығын білуі және оларды нақты пайдалану үшін субсидияның/салымның құнын мойындауы керек. Субсидиялаған ресурстарды фермерлер сатудан немесе басқа жолмен құтылудан гөрі пайдалануы керек [11].

Бүгінгі күні ауыл шаруашылығын субсидиялау қажетті шаралардың бірі болып табылады. Өйткені субсидиясыз фермерлер басқа елдерден импортталып келетін өнімдермен бәсекеге түсе алмайды. Сонымен қатар өнімдердің құнын тұрақтандыру, азық-түлік өндірісін ұлғайту, фермерлердің табысы мен ұлттық азық-түлік қауіпсіздігін арттыру үшін, мемлекет тарапынан жүргізілетін ауыл шаруашылығы саласын субсидиялаудың беретін тиімділігі жоғары болып табылады [12].

АӨК-і субсидиялау тиімділігі мәселесі де көптеген сарапшылар арасында қызу талқыланатын сұрақтардың бәрі. Бұл мәселеге қатысты келесідей тұжырымдамалар айтылуда.

А. Цветковтың айтуынша, тиімділік нәтиженің оны алу шығындарына қатынасымен өлшенеді. Бұл ретте автор тиімділіктің экономикалық, экологиялық, технологиялық және әлеуметтік түрлерімен бөліседі. Осылайша, тиімділіктің келесі көрсеткіштері қолданылады: Еңбек өнімділігі, өнімнің рентабельділігі, өндірістің рентабельділігі, негізгі қорлардың қор өнімділігі, өндіріс тиімділігі (operations performance), ұйымның тиімділігі (effectiveness) және т.б. [13].

З. Гаврилованың айтуынша тиімділік деп мақсатқа жету үшін пайдаланылған ресурстар мен алынған нәтижелер арасындағы байланысты түсіну керек деп санайды. Мәселен, Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың тиімділігін есептеу үшін, салынған бюджеттік шығыстардың АӨК алынған өнімінің жалпы құнының өсуіне арақатынасын, сондай-ақ сатылған дайын өнімнің пайдасын ұлғайтуды негізге алу ұсынылады [14].

Көптеген елдерде субсидиялау тиімділігінің көрсеткіштері келесідей: нысаналы көрсеткіштің жоспарлы мәніне қол жеткізу дәрежесі, тиімділік нормативін орындау, жиынтық қолдау көлемдерінің арақатынасын және оның қаржылық нәтижесін бағалау.

Қытайда субсидиялаудың тиімділігі бесжылдықтың жоспарлы көрсеткіштеріне қол жеткізілгендігімен анықталады. Ағымдағы бесжылдық бағдарламаның мақсаты ауыл шаруашылығын дамытуға ынталандыру ретінде инновацияларды кеңейтілген пайдалануға бағытталған [15].

АҚШ елінде де бағдарламаның тиімділігі мәселесін қадағалау үшін бесжылдық жаспар көрсеткіші қолданылады. АҚШ-тағы бюджеттік процесс түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуге және бюджет қаражатын жұмсаудың тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған [16].

АӨК инвестициялық және жалпы субсидиялаудың тиімділігіне қатысты келесідей әдебиеттерге шолу жұмыстары жүргізілді:

Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің тиімділігі мен олардың саланың және жалпы ауыл шаруашылығы секторының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға қосқан үлесін бағалау [17].

Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы ауыл шаруашылығында құрылымдық қаржы құралдарын пайдалануды талдау, олардың тиімділігін, артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалау, сонымен қатар табысты тәжірибелер мен пайдалану мысалдарын сипаттау [18].

Қазақстан Республикасы экономикасының аграрлық-өнеркәсіптік секторының инновациялық дамуын реттеу мәселелері, оның ішінде ұйымдық-экономикалық, теориялық және әдістемелік мәселелер кешенін әзірлеу, қалыптастыруды мемлекеттік қолдау құралдарын таңдау мәселелерін айқындайтын және мемлекеттік қолдаудың тиімділігі [19].

Көптеген елдер ауыл шаруашылығын дамыту үшін әртүрлі мемлекеттік қолдау тетіктерін белсенді түрде қолданады. Бұған тікелей субсидиялар, жеңілдікті несиелендіру, ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға қолдау көрсету, оқыту және кеңес беру бағдарламалары, экологиялық қолдау шаралары кіреді.

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ауылдық аумақтардың тұрақты дамуы, өндіріс тиімділігі мен ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру сияқты түрлі мәселелерді шешуге бағытталған.

Сонымен қатар АҚШ, Ресей Федерациясы, Германия, Өзбекістан және т.б. мемлекеттер ауыл шаруашылығын субсидиялау арқылы қолдау көрсету мәселесін алдыңғы қатарлы мәселеге айналдырған және ол елдерде қолданылып жатқан гидропоникалық жасыл жемшөп өсіру кешенін салу және кеңейтуді субсидиялау бойынша тәжірибесін біздің елде инвестициялық субсидиялау қағидасына қосымша жоба паспортын енгізу арқылы қолдануға болады деп ойлаймыз.

Еліміздегі ауыл шаруашылығын субсидиялау, соның ішінде инвестициялық субсидиялаудың тиімділігі және оны арттыруға қатысты мәселелер келесі тарауларда баяндалатын болады.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Зерттеу бірнеше кезеңдерге бөлініп жүргізілді.

Біріншіден, қолданыстағы заңнамалық базаны және нормативтік-құқықтық актілерді, осы бағытта жүзеге асырылып жатқан стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға кешенді талдау жүргізілді.

Бұдан әрі әдебиеттерге шолу және шетелдік әдебиеттерді талдау әдісі қолданылды, ғылыми әдебиеттерге шолу ҚР-да инвестициялық субсидиялау тақырыбы аз зерттелгенін көрсетті, сонымен бірге субсидиялаудың қазіргі жағдайы бойынша мәліметтер қарастырылып, қолданыстағы шетелдік тәжірибелер бойынша ақпараттар талданды.

Сонымен қатар субсидиялаудың бұл бағытының мүмкіндіктері мен қауіптерін, күшті және әлсіз жақтарын жан-жақты зерттеу және бағалау мақсатында SWOT талдау әдісі жүргізілді.

2014 жылы қолдаудың бұл түрі енгізілген сәттен бастап қазіргі уақытқа дейінгі мәліметтер қарастырылып бағдарламаның тиімділігіне талдау жасалды.

Сонымен қатар, қағаз құжат айналымымен автоматтандырылған режимде инвестициялық субсидиялауды жүзеге асырудың алғашқы жылдарының қорытындылары, мемлекеттік қызмет ретінде инвестициялық субсидиялау сапасының ағымдағы жай-күйі бойынша салыстырмалы талдау жүргізілді және цифрлық технологияларды ескере отырып, инвестициялық субсидиялауды іске асыру бойынша мәселелер айқындалды.

Субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесі порталының жұмысын жетілдіру және талдау барысында, мемлекеттік сатып алу порталының қолданушылар мен мемлекеттік қызметкерлер арасындағы тәжірибесіне сәйкес, қағаз айналымын азайту бойынша ұсыныстар берілді. Одан әрі «Қазынашылық-клиент» ақпараттық жүйесімен интеграциялауды жетілдіру, мемлекеттік қызметшілердің жұмысын оңтайландыру үшін, ұсыныстар жасалды.

2023 жылғы 29 қарашадағы №12 инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларына өзгерістер енгізу қандай мәселелерді шешуге мүмкіндік туғызғанын талдау. Сонымен бірге осы қолданыстағы инвестициялық субсидиялау қағидаларын талдау барысында біздің ойымызша туындаған мәселелер бойынша және жоба паспорттары бойынша талдау жүргізіліп ұсыныстар дайындалды.

Ақмола облысының ауыл шаруашылығы кәсіпорындары және жергілікті АӨК саласы бойынша атқарушы органдар қызметкерлері арасында мемлекеттік қолдау көрсетудің субсидиялау түрінің сапасына, сондай-ақ ауыл шаруашылығы саласындағы инвестициялық субсидиялауды дамытудағы әлеуметтік сауалнама жүргізу, көп мәселелерді басқа тұрғыдан қарауға және ұсыныстар дайындауға мүмкіндік берді. Сонымен бірге ауыл шаруашылығы саласындағы мамандар арасында жүргізілген әлеуметтік сауалнама SWOT талдауды толықтырып, АӨК бағытының алдында тұрған нақты мәселелер мен қиындықтарға терең көзқарас береді.

1-тарау. АӨК саласындағы қолданыстағы инвестициялық субсидиялау жүйесін талдау және ұсыныстар жасау

Ауыл шаруашылығы саласын дамыту және жетілдіру бойынша көптеген авторлар қазіргі уақытта өз еңбектерін жазып, халықаралық тәжірибені зерттеп, көптеген мысалдар ұсынуда. Сонымен қатар, АӨК субъектілерін нысаналы түрде тар бағытталған инвестициялық субсидиялау аз зерттелгенін атап өткен жөн. Осы бағытты жетілдіру үшін, жалпы субсидиялау жүйесін түсініп талдау қажет.

Жалпы АӨК саласындағы мемлекеттік қолдаудың келесідей түрлері бар:

- Өсімдік шаруашылығы саласын субсидиялау;
- Мал шаруашылығының дамуын қолдауды субсидиялау;
- Инвестициялық салынымдарға және қайта өңдеуді субсидиялау;
- Қаржылық сауықтыру және лизинг бойынша сыйақы мөлшерлемесінің орнын толтыру.

Магистрлік жобамның тақырыбы: «Ақмола облысының мысалында ауыл шаруашылығы саласындағы инвестициялық субсидияны дамыту». Жалпы инвестициялық субсидиялау жүйесін жетілдіруге қатысты.

Бұл жүйені жетілдіру үшін біздің ойымша біріншіден осы мемлекеттік қолдау түрінің тарихын және кемшіліктерін талдау қажет.

Инвестициялық субсидиялау келесідей ережеге сүйене отырып жүзеге асырылады: «Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 тамызда № 17320 болып тіркелді».

Бұл ереженің 1 – тарау, 2 – тармақшасында көрсетілгендей: «2. Инвестициялық салымдар кезінде АӨК субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялаудың негізгі мақсаты капиталды көп қажет етуді төмендету және салынған инвестициялардың өзін-өзі ақтауын арттыру жолымен АӨК-нің басым бағыттарында (секторларында) инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің қол жетімділігін арттыру болып табылады» [20].

Жалпы инвестициялық субсидиялау бағдарламасы Қазақстанда 2014 жылдан бері жұмыс жасауда және 2019 жылдан бастап қана Qoldau платформасында автоматты түрде өтінімдерді қабылдауға көшті.

Өтінімдерді қабылдау процессін автоматтандыру еліміздің мыңдаған фермерлері үшін, аймақтардан аудандарға және облыстарға бармай ақ электронды түрде өтінім жолдауына, сонымен қатар басқада көптеген мүмкіндіктер берді.

Субсидиялау кезіндегі қағаз құжат айналымының басты проблемасы субсидияларды бөлудің ашықтығы және кейіннен субсидияларға тең емес қол жетімділік, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жоғарлығы.

Мысалы: Кейбір фермерлер алдын ала келісу арқылы басқаларына қарағанда өтінімдерін бірінші болып жолдап, кепілді түрде мемлекеттік қолдауды алуға мүмкіндіктері болған жағдайлар кездесті. Нәтижесінде шалғай аудандарда тұратын фермерлер өтінім қабылдау мерзімі басталғанын білмей, субсидияға бөлінген қаражаттың бітуіне байланысты өз өтінімдерін жолдауға үлгермеген жағдайлар көптеп кездесті. Бұл тең емес дәрежедегі бәсекелестікті тудырды. Қағаз құжат айналымы кезінде Ақмола облысында да осы секілді келеңсіз мәселелер орын алды.

Бұл мәселе Qoldau платформасына көшу арқылы шешіле бастады. Автоматтандыру есебінен порталда ашық қол жетімділікті субсидиялау көлемдерін, өтініш берушінің атауын, өтінім беру уақытын, төленген субсидиялар көлемін көрсете отырып мақұлданған, қабылданбаған барлық өтінімдер туралы ақпарат орналастырылды. Qoldau платформасының берген мүмкіндіктеріне қарамастан, оның да кемшіліктері аз емес. Негізгілерінің бірі фермерлерге бұл платформаны қолдану үшін абоненттік төлемдер төлеу болды және қолданыс барысындағы ақаулардың көптігі.

Ағымдағы 2023 жылдан бастап жаңа порталмен жұмыс жүргізу көшірілді.

1 қаңтардан бастап негізгі өзгерістердің бірі күшіне енді - барлық субсидияларға өтінімдер енді Qoldau емес, «Бірыңғай мемлекеттік субсидиялаудың ақпараттық жүйесі» арқылы қабылданады (gosagro.kz).

Жаңа платформаның басты айырмашылығы - фермерлерге оны пайдалану үшін абоненттік төлем төлеудің қажеті жоқ.

Qoldau платформасында фермерлерді субсидиялау қызметі өшірілді. Субсидиялау дерекқоры Ауыл шаруашылығы министрлігіне берілді, деп хабарлады Ақпараттық-есепке алу орталығы (*бұдан әрі - АЕО*) [21].

Әлі күнге дейін инвестициялық субсидиялауда көптеген Ауыл шаруашылығы мекемелерінде кездесетін және оларға тән проблемалардың бірі ол осы субсидиялау бойынша мамандардың жеткіліксіздігі. Ақмола облысының еліміздегі негізгі аграрлық аймақ болуына қарамастан, бұндай проблема осы өңірде де кездеседі және бұл субсидиялаумен бір ғана маман жұмыс жасайды.

Ерекше қарауды қажет ететін тағы бір маңызды мәселе субсидиялау кезінде жауапкершілік дәрежесін бөлу және тәуекелдерді басқару. Осылайша, өтінімдерді қарауға байланысты барлық жүктеме, сондай-ақ оларды заңнамаға сәйкес тиісінше қарау үшін жауапкершілік Ауыл шаруашылығы басқармасы (*бұдан әрі - АШБ*) басшылығы жауапты тұлғалар ретінде айқындаған АШБ-ның 1-2 қызметкерінің «иығына» түседі. Бір жыл ішінде кем дегенде АШБ-ға 4-5 мың өтінім келіп түсетінін ескере отырып (*кейбір АӨК саласы жоғары дамыған аймақтарда Қостанай облысы, Ақмола облысы, Солтүстік Қазақстан облысы аймақтарында бұдан да көп*), олар уақтылы қаралып, өңделуі тиіс, кез келген жағдайда біркелкі емес жүктеме жүргізілетін жұмыстардың сапасының төмендеуіне әкеледі. Бұл ретте іс жүзінде мұндай қателіктер фермерлер үшін пайдалануға беру мен субсидиялауға беру арасындағы мерзімдер бойынша қолда бар шектеулерге байланысты субсидиялаудың жалғыз мүмкіндігін жіберіп алуға әкелуі мүмкін және т.б. проблемалы мәселелер кездеседі.

Ақмола облысындағы ауыл шаруашылығы саласын субсидиялау.

Ақмола облысы аграрлық өңір болғаннан кейін және өзімнің осы салада жұмыс жасауыма байланысты өңірдегі ауыл шаруашылығы саласына бөлек тоқталып өткім келеді.

Ауыл шаруашылығы алқаптары – 10,9 млн. га: егістік - 6 млн. га, жайылым-4,4 млн. га. [22]. Облыс аймағында егін шаруашылығымен, мал шаруашылығымен және қайта өңдеумен айналысады. Еліміздегі ауыл шаруашылығы жоғары деңгейде дамыған облыстардың бірі және өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуында бұл сала негізгі орындардың бірін алады. Облыста барлығы **9361** агроқұрылымдар бар, оның ішінде: **1923** - заңды тұлғалар (*АҚ, ЖШС және т.б.*), **695** - жеке кәсіпкерлер, **6743** - шаруа-фермерлік қожалықтары [23].

1-кесте. Ақмола облысындағы АӨК саласын мемлекеттік қолдау, көлемі млрд.

Жылдар	2020	2021	2022	2023
Жалпы сомма	41,1	46,7	54,9	54,1
Өсімдік шаруашылығы саласын субсидиялау	14,1	15,1	15,4	14,6
Мал шаруашылығының дамуын қолдауды субсидиялау	9,4	10,6	7,2	12,8
Инвестициялық салынымдарға және қайта өңдеуді субсидиялау	13,3	15,2	21,9	16,7
Қаржылық сауықтыру және лизинг бойынша сыйақы мөлшерлемесінің орнын толтыру	4,9	5,8	10,4	10
Ескертпе: автормен [22] дереккөз негізінде құрастырған				

Ақмола облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы болған Серік Мырзасейітұлы Балжанов «Аманат» партиясы облыстық филиалы жанындағы экономика, кәсіпкерлік және аграрлық сектор жөніндегі қоғамдық кеңес отырысында өңірдегі субсидиялауда екі негізгі кемшіліктер бар екенін атап өтті. Олар: Өңірдегі субсидиялауға қатысты кемшіліктер, біріншіден республикалық бюджеттен қаржыландырудың жеткіліксіздігіне байланысты және субсидияларды бөлу тетігінің техникалық ақауларына қатысты.

Бірінші проблеманың шешімі 1-кестеде көрсетілгендей субсидиялау көлемі жылдан жылға ұлғайып өз шешімін табуда.

Екінші мәселеге келетін болсақ «Субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесі» (*бұдан әрі - СМАЖ*) порталындағы ақаулар тек қана осы интернет

желісімен жұмыс жасайтын мемлекеттік қызметкерлер үшін ғана емес сонымен қоса фермерлер үшін де қиыншылықтар тудыруда.


Мысалы: Ақмола облысының мамандары жұмысында және басқада облыстардың қызметкерлерінің жұмысы барысында кездесетін ақаудың бірін скриншот түрінде көрсетейік:

Приобретение трактора (гусеничный) мощностью 101 - 200 лошадиных сил	Управление сельского хозяйства акимата Жамбылской области	ru kk
Приобретение трактора (колесный) мощностью 90-130 лошадиных сил	Управление сельского хозяйства акимата Жамбылской области	ru kk
Приобретение трактора (гусеничный) мощностью от 201-400 лошадиных сил	Управление сельского хозяйства акимата Жамбылской области	ru kk
Приобретение трактора (гусеничный) мощностью от 401 лошадиных сил	Управление сельского хозяйства акимата Жамбылской области	ru kk
Приобретение трактора (колесный) мощностью 131-210 лошадиных сил	Управление сельского хозяйства акимата Жамбылской области	ru kk
Приобретение колесного трактора мощностью до 60 лошадиных сил (включительно)	Управление сельского хозяйства акимата Жамбылской области	ru kk
Приобретение колесного трактора мощностью 61-89 лошадиных сил	Управление сельского хозяйства акимата Жамбылской области	ru kk
Приобретение колесного трактора мощностью 90-130 лошадиных сил	Управление сельского хозяйства акимата Жамбылской области	ru kk
Приобретение колесного трактора мощностью 131-210 лошадиных сил	Управление сельского хозяйства акимата Жамбылской области	ru kk
Приобретение колесного трактора мощностью до 39 лошадиных сил (включительно)	Управление сельского хозяйства акимата Жамбылской области	ru kk
Приобретение колесного трактора мощностью 211 - 350 лошадиных сил	Управление сельского хозяйства акимата Жамбылской области	ru kk
Приобретение колесного трактора мощностью от 351 лошадиных сил	Управление сельского хозяйства акимата Жамбылской области	ru kk
Приобретение колесного трактора мощностью от 40 до 59 лошадиных сил (включительно)	Управление сельского хозяйства акимата Жамбылской области	ru kk
Приобретение колесного трактора мощностью от 90 до 100 лошадиных сил (включительно)	Управление сельского хозяйства акимата Жамбылской области	ru kk
Приобретение колесного трактора мощностью от 90 до 100 лошадиных сил (включительно)	Управление сельского хозяйства акимата Жамбылской области	ru kk
Приобретение колесного трактора мощностью от 90 до 100 лошадиных сил (включительно)	Управление сельского хозяйства акимата Жамбылской области	ru kk
Приобретение гусеничного трактора мощностью до 100 лошадиных сил (включительно)	Управление сельского хозяйства акимата Жамбылской области	ru kk

1- сурет- Мемлекеттік субсидиялау ақпараттық жүйесі
2-

Ескертпе: Жамбыл облысы әкімі орынбасарының ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне жолдаған хатына сәйкес [24].

Ақау: Инвестициялық субсидиялар бойынша позициялардың қайталануы.




Сурет-2. Мемлекеттік субсидиялау ақпараттық жүйесі

Ескертпе: Жамбыл облысы әкімі орынбасарының ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне жолдаған хатына сәйкес [24].

Ақау: Өтінімдер тізілімінде нөмір, өтініш берушінің БСН/ЖСН, инвестициялар сомасы, шаруа қожалығының атауы, ауданның атауы көрсетілмеген. Мемлекеттік қызметкерлер бұл порталмен жұмыс жасау барысында осы секілді басқа да кемшіліктер кездеседі.

1. Сіз «Субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесі» сайтының жұмысына қанағаттанасыз ба? / Вы удовлетворены рабо...ой информационной системы субсидирования?
100 ответов




Сурет-3. Мемлекеттік субсидиялау ақпараттық жүйесіне қатысты сауалнама

Ескертпе: Автордың сауалнамасы нәтижесіне сәйкес жасалынған.

Ұсыныс:

СМАЖ порталын зерттеу барысында келесідей кемшіліктер бар екенін жоғарыда көрсеткен едім. Ал енді осы кемшіліктердің алдын алу бойынша ұсыныс жасағымыз келеді.

Өздеріңіз білетіндей ҚР мемлекеттік сатып алу порталы 2016 жылы іске қосылып ол порталда да бастапқыда көп ақаулар кездесетін және осы проблемалардың алдын алу үшін порталда сұрау жүргізу батырмасы пайда болды. Қазіргі уақытта бұл порталмен жұмыс жасау оңай және қолайлы.



Сурет-3. ҚР мемлекеттік сатып алу порталы

Ескертпе: Қазақстан Республикасы мемлекеттік сатып алу порталынан алынған [25].

Біздің ұсынғымыз келетіні тек қана сол порталдағыдай сұрау жүргізу ғана емес, сонымен қоса ұсыныс жасау батырмасын енгізу.

Мысалы: АШБ немесе басқада жергілікті атқарушы органда қызмет ететін, сондай-ақ СМАЖ порталымен жұмыс жасайтын маман, осы порталдағы ақауды тапқанда, проблемалы мәселеге тап болған жағдайда, ол біріншіден Ауыл шаруашылығы министрлігіне нақты проблема жайлы және осы проблеманы шешуді сұрау туралы хат жазады. Хат дайын болғаннан кейін сол маман, хатты қол қою үшін өзінің бөлім жетекшісіне береді, содан кейін ол хатқа жетекшілік ететін орынбасар өз қолын қоюы қажет, орынбасардан кейін бұл хатта басшының қол қоюы керек, содан кейін бірақ бұл хат тіркеліп нақты адресатқа жіберіледі. Осы хат адресатқа, біздің жағдайда Ауыл шаруашылығы министрлігіне келіп, керісінше дәлдікпен, осы порталды әзірлеушіге немесе порталды жетілдіруші маманға келеді. Бұл процесс кем дегенде 5 жұмыс күніне созылады.

Ал біздің ұсынысымыз бойынша сұрау жүргізу және ұсыныс жасау батырмалары СМАЖ порталында енгізілген кезде, ол жоғарыда көрсетілген қажет емес құжат айналымындағы бюрократиялық іс-әрекеттердің алдын алуы мүмкін. Сонымен қатар порталмен жұмыс жасау барысында текқана мемлекеттік қызметкерлер тарапынан табылған проблемаларды шешу ғана емес, сондай-ақ фермерлерде порталмен жұмыс жасау барысында кездестірген проблемалары жайлы және осы мәселелерді шешуге қатысты, тез арада өз ұсыныстарын жіберуге мүмкіндік алар еді. Сонымен қоса, осы ұсынысым СМАЖ порталын жетілдіруді неғұрлым тездетуге септік жасауы өте мүмкін.

1. Инвестициялық субсидиялауды жақсарту бойынша ұсыныстарыңыз: / Ваши предложения по улучшению инвестиционного субсидирования:

100 ответов

- Верните колдау
- ВВОДИТЬ обучающие курсы
- Программа составлена без учета мнения или пожеланий СХТП
- Жақсы жұмыс жасаңыздар
- Плохо работает программа,много погрешностей
- Верните Колдау
- Срочно доработать платформу
- Верните колдау

Сурет-4. Сауалнамаға сәйкес келесідей ұсыныстар жасалуда

Ескертпе: Автордың сауалнамасы нәтижесіне сәйкес жасалынған.

2-тарау. АӨК-І ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ СУБСИДИЯЛАУ ҚАҒИДАЛАРЫН ТАЛДАУ ҰСЫНЫСТАР ӘЗІРЛЕУ

Қолданыстағы бұл ережеге қатысты шаруалар арасында және ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік қызметкерлер арасында көптеген наразылықтар туындайтын. Олардың негізгілері субсидиялау соммасының бүгінгі нарықтық жағдайға сәйкес, келмеуіне қатысты болды. Ауыл шаруашылығы техникасына бағаның өсуі, Ережеде қарастырылған субсидиялар шаруалардың қажетті техниканы сатып алу шығындарын өтеу үшін жеткіліксіз болуына әкелді. Бұл мәселе наразылық тудырды, өйткені фермерлер қосымша қаржы ресурстарын іздеуге немесе шаруашылықтарын дамыту жоспарларын қысқартуға мәжбүр болды.

Бірақта 2023 жылғы 29 қарашадағы №12 инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларына өзгерістер енгізуге сәйкес, бұл қағидадағы көптеген мәселелер өзектілігін тапты.

Жасалынған өзгерістерге қарамастан, тәжірибе жетекшімен қолданыстағы бұл қағидаларды талдау барысында келесідей мәселелерге қатысты қағидаға өзгеріс енгізу үшін өзіміздің ұсыныстарымызды жасаймыз.

Олар, біріншіден:

2-кесте. Қағидаға енгізілген өзгерістер кестесі

№	Жылдар	Паспорттар саны	Ережеге жасалынған өзгерістер саны
1	2018	39	2
2	2019	39	2
3	2020	34	2
4	2021	34	3
5	2022	34	2
6	2023	31	1
Барлығы			12
Ескертпе: Автормен [20] дереккөз негізінде құрастырған.			

Ұсыныс: Өздеріңіз кестеден көріп тұрғандай субсидиялауды жүзеге асыру ережесінің жиі ауысуы фермерлер үшін ынғайсыздық тудыруда.

Осыған сәйкес ережеге жыл қорытындысы нәтижесі бойынша 1 реттен көп емес, өзгеріс енгізу мүмкіндігін қарастыруды ұсынамыз

- Осы қағидадағы 1-тарау 4-тармағына сәйкес: «Жыл сайын тиісті жылдың 1 ақпанына дейін жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің), жергілікті атқарушы органдардың (оның ішінде аудандық/қалалық) және қоғамдық және үкіметтік емес салалық ұйымдардың өкілдері болып табылатын басқа да ұйымдардың қызметкерлері қатарынан мамандар тобын құрады және СМАЖ-ға тіркейді.

Жаңа өндірістік қуаттарды құруды, реконструкциялауды, кеңейтуді көздейтін жобалар паспорттары бойынша объектілерді қарап-тексеру кезінде

мамандар тобына облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының құрылыс, қала құрылысы және сәулет мәселелері жөніндегі басқармасының мамандары енгізіледі.

Егер инвестициялық жобада № 1 және № 1.1-жобалардың паспорттары шеңберінде мемлекеттік тіркелген техниканы сатып алу ғана көзделсе, онда мамандар тобының инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) объектісін қарап-тексеруі талап етілмейді.

Қалған инвестициялық жобалар бойынша осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, жобалардың барлық паспорттары бойынша мамандар тобы құжаттарды тексеруді, растайтын фотосуреттер мен бейнематериалдарды міндетті түрде қоса бере отырып, инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) объектісін, сатып алынған жабдықтың жобалардың паспорттарында көзделген шарттарға сәйкестігін қарап-тексеруді жүзеге асырады, сондай-ақ белгіленген жабдықтың бар-жоғын, өндірістік қуаттардың жүктелуіне қол жеткізілуін тексереді» - делінген [20].

Мысалы: егер мемлекеттік тіркеуден міндетті түрде өтетін техника (комбайн, трактор немесе басқада өздігінен жүретін техника т.б.) сатып алынса, онда бұл техниканы мамандар тобымен барып тексеру міндетті емес.

Ал егерде жабдықтар немесе тіркеуден өтпейтін құрылғылар, техникалар (комбайнға арналған орақ, тракторға арналған шанышқылар, соқа т.б.) сатып алынса міндетті түрде мамандар тобы сол жабдықтарды, құрылғыларды міндетті түрде қарап-тексеру, құжаттарды тексеруді, растайтын фотосуреттер мен бейнематериалдарды жасауы қажет. Жалпы айтқанда сатып алынған затты барып қарауы және тексеруі тиіс.

2023 жылы Ақмола облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының, инвестициялық субсидиялаумен айналысатын мамандары 5000-ға жуық субсидиялау бойынша өтінім қабылдады. Оның ішінде нақты 3000-ға жуық өтінім жабдықтар немесе тіркеуден өтпейтін құрылғылар, техникаларға түсті. Негізінен осы заттарды сатып алу және оларға өтінім беру қараша айының басынан мамыр айының басына келеді. Бұл уақытта барып тексеру ауа-райына байланысты қиыншылықтар тудырады. Өйткені осы сатып алынған заттар қоймаларда және шаруашылықтың аймағында сақталады, қысқы уақытта немесе көктемгі уақытта жолдың болмауы себебіне байланысты, тексеру процессі қиындайды. Сонымен қоса егін егуге дайындық уақыты басталған сәтте немесе осы сатып алынған жабдықтар немесе тіркеуден өтпейтін құрылғылар, техникаларды уақытында тексеріп үлгермесе, жұмысқа салынғаннан кейін бұл заттардың жаңа екендігін және нақты сол құрылғы, жабдық немесе техника екенін анықтау қиын.

Сонымен қатар 3000-ға жуық құрылғы, жабдық немесе техниканы тексеру уақыт жағынан да және қаражат жағынан да қымбатқа түседі.

Мысалы $3000/6=500$

3000 дегеніміз тексеруге қажет құрылғы, жабдық немесе техника саны,
6 дегеніміз өтінім түсетін уақыт,

500 дегеніміз айына қанша затты қарау қажет.

Тексеру жүргізудің көп уақыт алатынын және іссапарға кететін шығындардың бар екенін көре аламыз.

Ұсыныс: жабдықтар немесе тіркеуден өтпейтін құрылғылар, техникаларды цифрландыру арқылы бұл мәселені шешуге болады. Мысалы осы сатып алынған заттардың жақтауының өзінде немесе жақтауында кішкентай алюминий тақтайшасында сәйкестендіру нөмірі басылады. Меншік құқығын дәлелдеу үшін сол нөмірді ауыл шаруашылығы техникасын тіркеудің мемлекеттік жүйесі (grst.kz) арқылы немесе жол полициясының ақпараттық базасы арқылы осы жабдықтар немесе тіркеуден өтпейтін құрылғылар, техникалардың нөмірін тіркеп растайтын фотосуреттер жасау арқылы цифрландырылған жағдайда АШБ қызметкерлері жағынан қарап-тексеру талап етілмес еді. Ал сатып алу фактісін электрондық шот-фактуралар жүйесі арқылы көріп сәйкестендіруге болады.

Осы көрсетілген мәселе жүзеге асырылған жағдайда қажет емес іссапарлардың көлемі азайып, осы сапарларға кететін жанармайды және іссапарға төленетін бюджеттік қаражатты үнемдеуге, сондай-ақ АШБ қызметкерлеріне жүктелетін қызметті азайтуға мүмкіндік туғызар еді.

- Инвестициялық субсидиялау қағидаларындағы біздің ойымызша екінші мәселе. Ол, субсидиялауға жататын жобалар паспорттарына қатысты. Өздеріңіз білетіндей 2023 жылғы 29 қарашадағы №12 жасалынған соңғы өзгерістерге сәйкес, инвестициялық субсидиялау қағидасындағы субсидиялауға жататын жобалар паспорттарының саны 34-тен 31-ге қысқартылған болатын. Жалпы айтқанда қазіргі уақытта біздің ауыл шаруашылығы саласына қажет емес жобалар паспорттары алынып тасталды.

Қалған 31 жобалар паспорттын талдау барысында келесідей паспорттар бойынша ұсыныстар жасау орынды болады деп шешілді.

№1 «Ауыл шаруашылығы техникасын, машиналары мен жабдықтарын сатып алуға қатысты» жобасының паспорттың ішіндегі 39 реттік нөмірі, шөмішінің сыйымдылығы 1,8 м3 дейін фронтальді тиегішті сатып алу бойынша субсидияларды есептеу үшін ең жоғарғы рұқсат етілетін сомасы 16 189 000 теңгені құрайды. Неліктен тек қана шөмішінің сыйымдылығы 1,8 м3 дейін фронтальді тиегіш сатып алуымыз қажет деген сұрақтар фермер арасында наразылық тудыруда. Өйткені бұл сомаға шөмішінің сыйымдылығы оданда жоғары фронтальді тиегіш сатып алуға болады және шөмішінің сыйымдылығы жоғары фронтальді тиегіш инвестициялық қағидада көрсетілген шектеулі фронтальді тиегішке қарағанда техникалық сипаттамасы жағынан жоғары, әрі жұмысты тезірек бітіреді дейді фермерлер.

Осы себепке қатысты біз фронтальді тиегіш сататын ұйымдардан коммерциялық ұсыныс сұрау арқылы қазіргі уақытта шынымен де шөмішінің сыйымдылығы жоғары фронтальді тиегіш сатып алу мүмкіндігі бар екеніне көз жеткіздік. Коммерциялық ұсыныстың электрондық көшірмесі 2-қосымшада көрсетілген.

Ұсыныс: жоғарыда айтылған себептерге қатысты және де фермерлердің жұмыс барысын оңтайландыру үшін, осы жоба паспорттындағы фронтальді

тиегіштің шөмішінің сыйымдылығына қатысты шектеуді алу бойынша ұсыныс жасаймыз.

- № 21 «Астық сақтау орындарын салу және кеңейту» жобасының паспортындағы астық қоймасын салуға қатысты мәселесі де фронтальді тиегішке ұқсас.

Қолданыстағы инвестициялық субсидиялау қағидасына сәйкес: «Астықты қабылдау, өңдеу, тазалау, өңдеу, кептіру, сақтау, ішкі орнын ауыстыру және тиеу операцияларын қамтамасыз ететін жабдығы бар, бірақ 10 000 тоннадан аспайтын астық қоймасын салу» қажет делінген. Бұл жоба паспортына қатысты да фермерлер өз пікірлерін айтуда. Мысалы: астық қоймасының көлемі үлкен болған сайын ол астықты қабылдау, өңдеу, тазалау және т.б. астыққа қатысты операцияларды тезірек әрі уақытылы жасауға мүмкіндік береді. Ал осы қағида да көрсетілген шектеулерге қатысты фермерлер субсидия алу үшін 10 000 тоннадан аспайтын астық қоймасын салуы қажет және де Ауыл шаруашылығы министрлігінің қызметкерлерінің түсіндіруі бойынша бір фермерлік қожалығы аймағында 10 000 тоннадан аспайтын астық қоймасы ғана субсидияланатын болады делінді.

Ұсыныс: осы мәселеге қатысты астық қоймасының көлемін кем дегенде 20 000 тоннадан аспайтын астық қоймасын салу мүмкіндігі болуы үшін, № 21 «Астық сақтау орындарын салу және кеңейту» жобасының паспортына өзгеріс енгізуді ұсынамыз.

Әр саланың немесе бағыттың ұтымды және оңтайлы жүзеге асырылуы үшін ең алдымен осы саланың ережесі (заңнамасы) және осы бағытты жүзеге асыратын портал жетілдірілуі қажет. Осыған сәйкес бірінші тарауда мемлекеттік субсидиялау ақпараттық жүйесіне қатысты 1 ұсыныс және инвестициялық субсидиялау қағидасына қатысты 4 ұсыныс енгізу ұсынылды.

3-тарау. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН СУБСИДИЯЛАУДАҒЫ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕНІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ҰСЫНЫСТАР ӘЗІРЛЕУ

Экономикалық дамыған елдердің көпшілігінің аграрлық саясаты ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік қолдауды (әртүрлі субсидиялар, дотациялар мен жеңілдіктер беру) қамтиды.

Бірнеше елдердегі ауыл шаруашылығын субсидиялау тәжірибесін қарастыра отырып, Германияның тәжірибесіне тоқталғымыз келеді.

Мысалы: Германияда жүзеге асырылып жатқан аграрлық секторды мемлекеттік қолдау саясатының ерекшелігі оның экономикалық жағынан күшті және әлсіз өңірлер арасындағы теңсіздікті жоюға ықпал ететін бағыты болып табылады. Нашар дамушы өңірлерге инвестицияларды ұсыну олардың дамуына және жергілікті халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға ықпал етеді.

Мысал ретінде, елдің оңтүстігінде фермерлер 1 гектарға 260 EUR, ал солтүстігінде 650 EUR алады. Бұл айырмашылық жердің әртүрлі өнімділігімен түсіндіріледі. 2015 жылы Германия субсидиялау деңгейін 1 гектарға 320-340 EUR дейін арттырды, ал 2020 жылға қарай елдің шығыс бөлігіндегі АӨК субсидиялау ауқымы батыстағыдай болады. Субсидияларды бөлу процесінің өзіндік ерекшеліктері бар екенін ескеріңіз. Германияның батыс бөлігінде ақшалай қолдаудың 90% - ы тікелей фермаларға беріледі, ал 10% - ы ауылдық инфрақұрылымды дамытуға жұмсалады. Керісінше, елдің шығысында субсидиялардың 90% – ы инфрақұрылымға, ал 10% - ы фермаларға тиесілі [26].

«Федералды азық-түлік және ауыл шаруашылығы министрлігі ауылдық аймақтарды әртүрлі экономикалық және демографиялық мәселелерімен серпінді және тартымды етіп ұстау үшін ауылдық жерлерді дамытуға ықпал етеді. Ол үшін біз қызықты жұмыс орындары мен қажетті коммуникациялар мен байланыстары бар бәсекеге қабілетті ауылдық аумақтар үшін негіз құрғымыз келеді. Біз сондай-ақ осы аймақтарда тұратын адамдардың әртүрлі ерікті міндеттемелерін пайдаланып, нығайтқымыз келеді. «Ауылды дамытуды қолдау» арнайы негіздемелік жоспары келісілді. 2019 жылы ауылдық жерлерді кешенді дамыту саласындағы іс-шараларға арнайы негіздемелік жоспар аясында 150 миллион еуро көлемінде қосымша федералды қаражат бөлінді» деп Федералды азық-түлік және ауыл шаруашылығы министрлігінде (Federal Ministry of Food and Agriculture) айтылады [27].

Германиялық тәжірибеге көңіл бөліп қарасақ олар негізінен ауыл шаруашылығын дамытуды ауыл аймақтарын дамытумен бірге жүргізеді және орташа фермерлік шаруаларды қолдауға аса көңіл бөледі.

Біздің елімізде де агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы 2005 жылдан бері заңы қолданады және бұл заңда ауылдық аймақтарды қандай принциптерге сәйкес, қандай бағытта дамыту қажеттігі және т.б. мәселелер толық талқыланған [28].

Сонымен бірге аумақтарды дамыту жөніндегі саясат даму әлеуеті бар ауылдық елді мекендерді басым қолдау есебінен ауыл халқының өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған, Қазақстан Республикасының ауылдық

аумақтарын дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған тұжырымдамасында да ауыл аймақты дамыту мәселесі кең талқыланады [29].

Бірақ іс жүзінде бұл жұмыстар баяу іске асырылуда. Соған сәйкес ауыл аймақты дамыту жұмыстарын тезірек әрі тиімдірек жүргізу үшін келесідей ұсыныс жасағымыз келеді.

Ұсыныс: біздің елмен салыстырсақ, көп жағдайда бізде мемлекеттік қолдауды (субсидияны) үлкен фермерлер алады, олардың субсидиясызда жағдайлары орташа фермерге қарағанда әлде қайда жоғары. Сонымен қоса Германияда берілген субсидияның 10%-20% нақты ауылдық аймақта егістік жерлері орналасқан фермерлерді сол ауылды дамыту үшін жұмсалатынын атап өткен жөн, осыған байланысты оларда ауылдарының жағдайы жақсы десек болады. Өйткені шамамен фермер 100 млн. тг. біздің ақшаға аударғанда қаражат алса оның 10 млн. тг. ауылдың әлеуметтік жағдайын жақсартуға (*жолды жөндеуге немесе мектептерді жөндеуге т.б*) жұмсалады.

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары арасындағы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін заңды түрде жүзеге асыра алу үшін, елімізде Германия мемлекетінің тәжірибесін пилотты тұрғыда инвестициялық субсидиялау бағыты бойынша енгізудің, ауыл аймақты дамыту үшін беретін мүмкіндіктері көп деп ойлаймыз. Осыған сәйкес инвестициялық субсидиялау бойынша алынған мемлекеттік қолдау қаражатының 20%-ын нақты ауыл шаруашылығы кәсіпорнының ауылдық аймақта егістік жерлері орналасқан ауылдың немесе ауылдық округтің инфрақұрылымын дамыту үшін бөлуді пилотты түрде ұсынамыз.

Шетелдік технологиялардың Қазақстанда қолданылуы.

АҚШ, Ресей Федерациясы, Германия, Өзбекістан және т.б. мемлекеттер ауыл шаруашылығын субсидиялау арқылы қолдау көрсету мәселесін алдыңғы қатарлы мәселеге айналдырған және ол елдерде қолданылып жатқан гидропоникалық жасыл жемшөп өсіру кешенін салу және кеңейтуді субсидиялау бойынша тәжірибесін біздің елде инвестициялық субсидиялау төңірегінде қолдануға болады деп ойлаймыз.

Өйткені ағымдағы жыл көрсеткендей ауыл шаруашылығы саласын дамытуға ауа райы үлкен әсер етеді. Температура, жауын-шашын, ылғалдылық, табиғи апаттардың болуы немесе болмауы сияқты климаттық жағдайлар ауыл шаруашылығы өндірісінің табыстылығын және оның тұрақтылығын анықтайды.

Тұтастай алғанда, ауа-райына байланысты тәуекелдерді басқару және бейімделген ауыл шаруашылық тәжірибесін дамыту ауыл шаруашылығы өндірушілеріне ауа-райының олардың жұмысына теріс әсерін азайтуға және өндірістің тұрақтылығын жақсартуға көмектеседі. Осыған сәйкес ауа райына қатысты тәуекелдердің алдын алу және оларды ішін ара басқару үшін, жоғарыдағы көрсетілген мемлекеттер тәжірибесін елімізде қолдануды ұсынамыз.

Ұсыныс:

Гидропоникалық жасыл жемшөп өсіру кешенін салу және кеңейтуді субсидиялау бойынша инвестициялық субсидиялау қағидасына қосымша жоба паспортын енгізу. Бұл бізге ауа райына тәуелді емес жасыл мал азын жыл бойы

дайындауға мүмкіндік береді. Ал инвестициялық субсидиялау қағидасына қосымша паспорт (бағыт) ретінде енгізілсе бұл саланың қарқынды дамуына мүмкіндік туғызады.

3-кесте. Паспорттың жобасы: «Гидропоникалық жасыл жемшөп өсіру кешенін салу және кеңейту».

Жоба: "Гидропоникалық жасыл жемшөп өсіру кешенін салу және кеңейту" жобасының паспорты		
Инвестициялық салымдарды өтеу үлесі – 25%		
Құрылыс-монтаждау жұмыстарының, техника мен жабдықтың атауы және техникалық сипаттамасы	Жоба қуатының өлшем бірлігі	Қуат бірлігіне субсидияларды есептеу үшін ең жоғары рұқсат етілген құн, теңг
Гидропоникалық жасыл жемшөп өсіруге арналған кешенінде мыналар болуы тиіс: жылу энергиясының автономды көздері (қажет болған жағдайда), термоаккумулятор, жылыту және климаттық бақылау жүйесі, ауаны автоматты түрде жете ылғалдандыру, жарық беру, көмір қышқыл газын өндіру, перделеу жүйесі, жасанды субстратта (өсіру үшін топырақ болмаған жағдайда) топырақсыз өсіру технологиясы, дақылдарды аз көлемде өсірудің автоматты жүйесі (тамшылатып суару, қоректік ерітінділерді дайындау тораптары, су дайындау).	1 тонна	
1. Құрылыс.		800 000 000 (құрылыс кезінде)
2. Кеңейту		400 000 000 (кеңейту кезінде)
Ескертпе: Инвестициялық жобаның құны жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес анықталады. Егер жоба жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлемей, жабдықтың жекелеген түрлерін сатып алуды және монтаждауды ғана көздесе, сатып алынған жабдық сатып алу-сату (лизинг) шарттары, жабдықты жеткізу және (немесе) монтаждау шарттары, сондай-ақ ілеспе құжаттар (жүк-кедендік декларация, шот-фактуралар, төлемді растайтын құжаттар) бойынша қуат бірлігіне арналған субсидияларды есептеу үшін белгіленген жол берілетін ең жоғары құн және жабдық құнының инвестициялық салымдарды өтеу үлесі шегінде субсидиялануы тиіс. Ескертпе: Автормен [20] дереккөз негізінде құрастырған.		

4-кесте. Зерттелген мәліметтерге және жүргізілген сауалнама нәтижелеріне сәйкес, жасалынған АӨК-і инвестициялық субсидиялау бойынша SWOT-талдау

Күшті жақтары:

1. Ауыл шаруашылығы саласын қолдаудың қолайлы бағыты.
2. Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеуге мүмкіндік береді.
3. Ауыл шаруашылы саласын дамытуға үлкен үлес қосуда.
4. Ауыл шаруашылығы кәсіп орындарында техника, машиналар, жабдықтар және басқа негізгі құралдарды жанартып отыруға көмек тигізуде.
5. Жалпы экономикалық, әлеуметтік, экологиялық тиімділігі бар қолдау түрі.

Мүмкіндіктер:

1. АӨК инвестициялық режимді одан әрі ырықтандыру, әлемдік капитал нарықтарында елдің оң инвестициялық имиджін нығайту.
2. Ауыл аймақты дамытуға мүмкіндік қосу.
3. Шетелдік технологияларды Қазақстанда дұрыс қолдануға мүмкіндік беру.
4. Жаңа қызмет орындарының көбейту.

Әлсіз жақтары:

1. Мемлекет тарапынан субсидиялауға бөлінетін қаражаттың жеткіліксіздігі.
2. «Субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесі» порталындағы ақаулардың әлі күнге дейін толық шешілмеуі.
3. Басқармаларда инвестициялық субсидиялаумен айналысатын мамандардың аздығы.
4. Инвестициялық субсидиялау бойынша келіп түскен өтініштер бойынша төлемнің ұзақтығы.
5. Инвестициялық субсидиялау қағидасының тым жие өзгеріп отыруы.

Қауіптер:

1. Бюрократияға байланысты шаруалардың субсидия алуға деген қызығушылығының төмендеуі.
2. Қоғам үшін ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасының жоғары болуы.
3. Ірі және ұсақ ауыл шаруашылығы өнірушілері арасындағы теңсіздікті кеңейту.
4. Жерді тиімсіз пайдалануға және бәсекеге қабілетсіз өнім өндіруді ынталандыру.

Ескертпе: Автордың сауалнама және зерттеу нәтижесіне сәйкес жасалынған.

Жоғарыда келтірілген әлсіз жақтарды есепке алмау кейіннен инвестициялық субсидиялау үшін анықталған әлеуетті қатерлердің іске асырылуына әкеп соқтыруы мүмкін. Ал көрсетілген күшті жақтарды тиімді пайдалану қолда бар мүмкіндіктерді іске асыруға әкелуі мүмкін.

Тұтастай алғанда, қазіргі уақытта инвестициялық субсидиялаудың дамуына кедергі келтіретін және сол арқылы елдегі мемлекеттік қолдау түріне деген қызығушылықты нашарлататын әкімшілік және заңнамалық кедергілерді

жою жөніндегі жұмыстар дәйекті түрде іске асыруда. Оны мемлекет тарапынан жүргізіп жатқан ауыл шаруашылығын реформалаудың нәтижесінен байқай аламыз, соңғы жылдары осы салада прогресс байқалып отырғанын көре аламыз. Алайда бірқатар проблемалар әлі де сақталуда және бұл мәселелерді шешу қажет.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, ауыл шаруашылығы – елдің азық-түлік және экономикалық қауіпсіздігін қалыптастыратын, сондай-ақ ауылдық жерлердің еңбек потенциалын, халық шоғырын арттыратын экономиканың бірден-бір секторы. Бұл тұрғыда Қазақстанның агрокешендік перспективасы өте зор. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдар ішінде бұл саланы ешқашан назардан тыс қалдырған емес. Бірақта қазіргі уақытта бұл сала жоспарлы өзгерістерді қажет етеді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында да «Ауыл шаруашылығын дамыту – негізгі проблеманың бірі. Осы саладағы ахуал мемлекетіміздің азық-түлік қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді» деп нақтылап айтты [34]. Бұл шындық. Ауыл шаруашылығы саласын дамыту үшін ең алдымен оның дамуына кедергі келтіріп отырған мәселелерді анықтауға тиіспіз. Оларды біртіндеп шешуді қолға алсақ, алға қойған мақсаттар да өздігінен орындала бастайды. Яғни ауыл шаруашылығы өнімдері артып, азық-түлік қауіпсіздігіне қатысты мәселелер өз шешімін табады. Ал осы мақсаттарға жету үшін, АӨК-і субсидиялау мәселесінің алатын орны ерекше.

2014 жылы инвестициялық субсидиялауды енгізу көптеген отандық фермерлерге жобаларды іске қосу кезеңінде қаржылық мәселелерді шешуге мүмкіндік берді, бұл салаға жеке инвестициялар ағынының күрт артуына әкелді. Инвестициялық субсидия ауыл шаруашылығының әртүрлі салаларын қамтиды, мемлекеттік қолдау алатын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің шеңберін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Бұл субсидия бағыты субсидиялау нысанымен ғана шектелмейді, керісінше, жаңа технологияларды енгізу және өндірісті жаңғырту арқылы АӨК-і өндірістік көрсеткіштерді жақсартуға, ынталандыруға және тиімді дамытуға мүмкіндік берді.

«Ақмола облысының мысалында ауыл шаруашылығы саласындағы инвестициялық субсидияны дамыту» тақырыбым бойынша магистрлік жоба барысында ауқымды зерттеулер жүргізіліп, Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешеніне инвестициялық субсидияларды енгізудің ағымдағы тенденциялары мен тәжірибесі талданды.

Алынған нәтижелер негізінде тұжырымдалған негізгі қорытындылар мен ұсыныстар жасалды.

Ағымдағы жағдайды талдау: Зерттеу шеңберінде агроөнеркәсіптік кешеніндегі инвестициялық субсидиялаудың ағымдағы жағдайына талдау жүргізілді. Субсидиялау бағдарламасының инвестицияны ынталандыру, саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және инновацияны дамыту сияқты оң аспектілері бар екені анықталды.

Бағдарламаны жетілдіру бойынша әзірленген ұсыныстар: Жоғарыда айтылған тұжырымдар негізінде АӨК-і инвестициялық субсидиялау бағдарламаларын жетілдіру бойынша мынадай ұсыныстар ұсынылады:

- Субсидиялау саласында мемлекеттік қызметтер көрсету нәтижелерін берудің, өңдеудің және алудың бірыңғай жүйесіндегі ақаулармен, кемшіліктердің алдын алу үшін, ұсынылған ауыл шаруашылық

кәсіпорындарымен кері байланысты орнату батырмасы, көптеген мәселелерді шешуге, оның ішінде қажет емес қағаз айналымын азайтуға, фермерлер мен ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік қызметкерлердің уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді. Бұл ұсынысымыз елімізде жүргізіліп жатқан дебюрократизациялау ісшаралары төңірегінде өзекті деп ойлаймыз;

- АӨК-і инвестициялық субсидиялау қағидаларына және осы қағидадағы жобалар паспорттарына қатысты ұсыныстарымыз қабылданған жағдайда, ол фермерлердің жұмыс барысын жеңілдетіп қана қоймай, ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік қызметкерлер үшін өз септігін тигізер еді. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы техникасын, жабдықтарын, құрылғыларын толық цифрландыруға және іссапарларға жұмсалатын мемлекеттік қаражатты үнемдеуге мүмкіндік береді.

- Ауыл аймақты дамыту және ауыл шаруашылығы кәсіпорындары арасындағы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін заңды жүзеге асыру бойынша ұсынылған шетелдік тәжірибе, тек қана ауыл аймақтың инфрақұрылымын жақсарту бойынша ғана емес, сонымен қоса ауыл шаруашылығы кәсіпорындары арасындағы мамандардың жетіспеушілігі жайлы мәселелерді шешуге септігін тигізеді;

- Шетелдік технологияларды Қазақстанда дұрыс қолдану және еліміздің өзгермелі табиғи-климаттық жағдайына қарамастан жыл бойы мал азығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қоса азық-түлік және экономикалық қауіпсіздік мәселелерін шешуде беретін мүмкіндіктері көп.

Жалпы алғанда, агроөнеркәсіптік кешеніндегі инвестициялық субсидияларды зерттеу бойынша магистрлік жоба осы қызмет саласын жетілдірудің тиімді бағыттары мен шараларын әзірлеу, шетелдік технологияларды қолдану арқылы ауыл аймақты дамыту, экологиялық тұрақтылыққа қол жеткізу, азық-түлік қауіпсіздігіне қатысты мәселелердің алдын алу үшін, қажетті құнды білім мен тәжірибе алуға мүмкіндік берді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты «www.akorda.kz». – URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-adiletti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333>. Жүгінген күні: 13.02.2023 ж.;

2 Қазақстан Республикасының бірінші Президенті – Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты «www.akorda.kz». – URL: https://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-elbasy-nenazarbaevty-n-kazakstan-2050-strategiyasy-kalyptaskan-memlekettin-zhana-sayasi-bagyty-atty-kaza. Жүгінген күні: 13.02.2023 ж.;

3 Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 960 қаулысы. // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000960#z31>. Жүгінген күні: 13.02.2023 ж.;

4 Елтаев Б.Е., «Ақмола облысының мысалында ауыл шаруашылығы саласындағы инвестициялық субсидиялауды дамыту» // «Мемлекеттік қызмет: қағидаттар мен құндылықтар» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. – Астана, 13 қазан, 2023. – Б 275-280;

5 Сулейменов М., Казахстан: «Чтобы почву сохранять, прекращайте паровать!» // «КазакЗерно.kz» сайты. – 2009. – URL: <https://kazakh-zerno.net/8479-kazakhstan-chtoby-pochvu-sokhranyat-prekrashchajte-parovat-svoim-vzglyadom-na-selskokhozyajstvennyyu-otrasl-delitsya-uchenyj-s-mirovym-imenem-m-sulejmenov/>. Жүгінген күні: 14.02.2023 ж.;

6 Сигарев М.И., Нуркужаев Ж.М. Государственная поддержка аграрного сектора Казахстана. Проблемы агрорынка. 2016; 65-71 б., – URL: <https://www.jprra-kazniapk.kz/jour/article/view/1255/665>. Жүгінген күні: 14.02.2023 ж.;

7 Кадомцева М., Коростелев В. Г. Институциональные факторы развития страхования сельскохозяйственных рисков в странах ЕАЭС // Международный сельскохозяйственный журнал. 2020. № 6 (378). 27 б. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/institutsionalnye-factory-razvitiya-strahovaniya-selskohozyaystvennyh-riskov-v-stranah-eaes/viewer>. Жүгінген күні: 14.02.2023 ж.;

8 Темирханов М., Новая нефть. Станет ли сельское хозяйство локомотивом экономики Казахстана? // Журнал Forbes Kazakhstan. – 2020. – URL: https://forbes.kz/process/expertise/novaya_neft_stanet_li_selskoe_hozyaystvo_o_lokomotivom_ekonomiki_kazahstana/. Жүгінген күні: 17.02.2023 ж.;

9 Li C., Sha Z., Sun X., Jiao Y. The Effectiveness Assessment of Agricultural Subsidy Policies on Food Security: Evidence from China's Poverty-Stricken Villages. *Int. J. Environ. Res. Public Health* 2022. – URL: <https://doi.org/10.3390/ijerph192113797>. 13.02.2023 ж.;

10 Christophe Bellmann Associate Fellow. Subsidies and Sustainable Agriculture: Mapping the Policy Landscape // Hoffmann Centre for Sustainable Resource Economy, Chatham House. 2019. – URL: <https://www.chathamhouse.org/2019/12/subsidies-and-sustainable-agriculture-mapping-policy-landscape>. Жүгінген күні: 18.02.2023 ж.;

11 The International Initiative for Impact Evaluation. Agricultural input subsidies for improving productivity, farm income, consumer welfare // 2018. – URL: https://www.3ieimpact.org/sites/default/files/2019-01/SR41-Agriculture-input_0.pdf. Жүгінген күні: 24.02.2023 ж.;

12 Wang S., Manjur B., Kim J., Lee W. Assessing Socio-Economic Impacts of Agricultural Subsidies: A Case Study from Bhutan. *Sustainability* 2019. – URL: <https://doi.org/10.3390/su11123266>. Жүгінген күні: 24.02.2023 ж.;

13 А. Цветков. Менеджмент. Завтра экзамен // Жалпы редакцияда А. Цветков - Санкт-Петербург, 2008. – 129 б. – URL: https://books.google.kz/books?id=pq67-3lZjhUC&printsec=copyright&redir_esc=y#v=onepage&q&f=false. Жүгінген күні: 27.02.2023 ж.;

14 Гаврилова З., Рыжкова С. Оценка эффективности государственной поддержки в сельскохозяйственных организациях Воронежской области // Вестник ВГУИТ. 2018. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/otsenka-effektivnosti-gosudarstvennoy-podderzhki-v-selskohozyaystvennyh-organizatsiyah-voronezhskoy-oblasti/viewer>. Жүгінген күні: 15.03.2023 ж.;

15 Дерюгина, И. Стратегическое планирование и долгосрочное прогнозирование экономического роста в сельском хозяйства в России, Индии, Китае // Российская Академия наук Институт востоковедения – 2016. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/strategicheskoe-planirovanie-vs-dolgosrochnoe-prognozirovanie-ekonomicheskogo-rosta-v-selskom-hozyaystve-v-rossii-indii-kitae/viewer>. Жүгінген күні: 15.03.2023 ж.;

16 А. С. Калинин, А. В. Лихтер. Сравнительный анализ оценки эффективности системы управления государственной собственностью в США и Китая // Менеджмент социальных и экономических систем. 2019. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/sravnitelnyy-analiz-otsenki-effektivnosti-sistemy-upravleniya-gosudarstvennoy-sobstvennostyu-v-ssha-i-kitae/viewer>. Жүгінген күні: 15.03.2023 ж.;

17 OECD. Мониторинг развития сельскохозяйственной кооперации в Казахстане // OECD Publishing. – Париж – 2019. URL: <https://www.oecd.org/eurasia/competitiveness-programme/central-asia/Kazakhstan-Monitoring-Agricultural-Co-operatives-2019-RUS.pdf>. Жүгінген күні: 22.02.2023 ж.;

18 FAO. The use of Structured Finance instruments in agriculture in Eastern Europe and Central Asia // 2009. URL: <http://www.fao.org/3/ap294e/ap294e.pdf>. Жүгінген күні: 22.02.2023 ж.;

19 А. И. Дошанова. Государственное регулирование инновационного развития АПК Республики Казахстан: научные аспекты // издательства «Научный консультант» – 2017. – URL: https://bibliorossica.com/book.html?currBookId=37016&search_query=%D0%A1%D1%83%D0%B1%D1%81%D0%B8%D0%B4%D0%B8%D1%80%D0%BE%D0%B2%D0%B0%D0%BD%D0%B8%D0%B5%20%D0%90%D0%BF%D0%BA%20%D0%9A%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D1%85%D1%81%D1%82%D0%B0%D0%BD%D0%B0. Жүгінген күні: 13.02.2023 ж.;

20 Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 тамызда № 17320 болып тіркелді // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017320>. Жүгінген күні: 13.02.2023 ж.;

21 Eldala Media 2020 аграрлық сайты. – URL: <https://eldala.kz/kz/novosti/kazakhstan/13009-egiss-prishla-na-smenu-qoldau>. Жүгінген күні: 13.02.2023 ж.;

22 Ақмола облысы әкімдігінің ресми сайты. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola/documents/1?lang=ru>. Жүгінген күні: 15.02.2023 ж.;

23 Ақмола облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы ресми сайты. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-ush/documents/details/408902?lang=kk>. Жүгінген күні: 22.02.2023 ж.;

24 Жамбыл облысы әкімі орынбасарының ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне жолдаған хаты.

25 Қазақстан Республикасы мемлекеттік сатып алу порталы. – URL: <https://goszakup.gov.kz/>. Жүгінген күні: 22.02.2023 ж.;

26 Н. Латышев, Берлин ауылшаруашылық күнделігі: неміс фермерлері – субсидиялар шығындардан құтқармайды, Н. Латышев. – 2010. – URL: http://www.kazakh-zerno.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=15728:2010-03-03-33-21&catid=17:2010-02-24-11-07-38. Жүгінген күні: 13.02.2023 ж.;

27 Федералды азық-түлік және ауыл шаруашылығы министрлігі (Federal Ministry of Food and Agriculture). – URL: https://www.bmel.de/EN/topics/rural-regions/rural-regions_node.html. Жүгінген күні: 13.02.2023 ж.;

28 Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 66 Заңы. // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000066>. Жүгінген күні: 13.02.2023 ж.;

29 Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 270 қаулысы. // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000270>. Жүгінген күні: 13.02.2023 ж.;

30 «Қазақстанская правда» жаңалықтар сайты. – URL: <https://kazpravda.kz/n/prizhivetsya-li-nulevaya-tehnologiya-na-yuge-kazahstana/>. Жүгінген күні: 13.05.2023 ж.;

31 Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттар ресурсы сайты. – URL: <https://primeminister.kz/kz/news/2023-zhyly-memleket-5-mln-ga-paydalanylmaityn-auyl-sharuashylygy-zherlerin-kaytarudy-zhosparlap-otyr-1701958>. Жүгінген күні: 13.05.2023 ж.;

32 Аграрлық сектор ауыл шаруашылығы журналы сайты. – URL: <https://agrosektor.kz/agrarnaya-analitika/vetrovaya-eroziya-kto-vinovat-i-chtodelat.html>. Жүгінген күні: 22.02.2023 ж.;

33 Мельинвест жаңалықтар сайты. – URL: https://www.melinvest.ru/press_office/articles/kak-rabotaet-tehnologiya-no-till-v-selskom-khozyaystve/. Жүгінген күні: 13.05.2023ж.;

34 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты «www.akorda.kz». – URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyн-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416>. Жүгінген күні: 13.02.2023 ж.;

ҚОСЫМШАЛАР

1-қосымша

Ақмола облысының ауыл шаруашылығы кәсіпорындары арасында мемлекеттік қолдау көрсетудің субсидиялау түрінің сапасы бойынша, сондай-ақ ауыл шаруашылығы саласындағы инвестициялық субсидиялауды дамытудағы әлеуметтік сауалнама Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясының МРР-22 тобы магистранты
Елтаев Біржан

/

Социологический опрос среди сельскохозяйственных предприятий Акмолинской области по качеству оказания государственной поддержки в виде субсидирования, а также в развитии инвестиционного субсидирования в сфере сельского хозяйства магистранта Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан группы МРР-22 Елтаева Биржана

- 1. Сіз қанша жыл егін өсірумен, мал шаруашылығымен, өңдеумен айналысасыз? / Сколько лет Вы занимаетесь выращиванием сельскохозяйственных культур, животноводством, переработкой?**
 - А) 1 жылдан аз / Меньше 1 года
 - Б) 1-ден 5 жылға дейін / От 1 до 5 лет
 - В) 5-тен 10 жылға дейін / От 5 до 10 лет
 - Г) 10-нан 15 жылға дейін / От 10 до 15 лет
 - Д) 15-тен 20 жылға дейін / От 15 до 20 лет
 - Е) 20 жылдан жоғары / Свыше 20 лет
- 2. Сіздің кәсіпорныңыз қандай түрге жатады? / К какому типу относится Ваше предприятие?**
 - А) Шағын (1000 га дейін) / Малое (до 1000 га)
 - Б) Орташа (10000 га дейін) / Среднее (до 10000 га)
 - В) Ірі (10000 га жоғары) / Крупное (свыше 10000 га)
- 3. Сіз өз салаңызда мемлекеттік субсидия алушы болып табыласыз ба? / Являетесь ли Вы получателем государственных субсидий в своей отрасли?**
 - А) Иә алушымын / Да, являюсь
 - Б) Жоқ алушы емеспін / Нет, не являюсь
- 4. Мемлекеттік субсидияны қай бағытта аласыз? / В каком направлении получаете государственную субсидию?**
 - А) Өсімдік шаруашылығы саласын субсидиялау / Субсидирование отрасли растениеводства
 - Б) Мал шаруашылығын дамытуды қолдауды субсидиялау / Субсидирование поддержки развития животноводства
 - В) Инвестициялық салымдар мен қайта өңдеуді субсидиялау / Субсидирование инвестиционных вложений и переработки

Г) Барлық бағыттар бойынша / По всем направлениям

Е) Алмаймын / Не получаю

5. Сіз өз кәсіпорныңызда «No till» нөлдік өңдеу технологиясын қолданасыз ба? / Применяете ли Вы в своем предприятии технологию нулевой обработки почвы «No till»?

А) Иә / Да

Б) Жоқ / Нет

6. Сіздің кәсіпорныңызға «No till» нөлдік өңдеу технологиясымен жұмыс істеу білетін мамандар қажет пе? / Требуется ли Вашему предприятию специалисты, осведомленные о работе с технологией нулевой обработки почвы «No till»?

А) Иә / Да

Б) Жоқ / Нет

7. Сіз алған мемлекеттік субсидияның қанша %-ын Сіздің кәсіпорныңыз орналасқан ауылдық округтің инфрақұрылымын дамыту үшін бөле алармедіңіз? / Сколько % могли бы Вы от полученной государственной субсидии выделить для развития инфраструктуры сельского округа, в котором находится Ваше предприятие?

А) Иә / Да

Б) Жоқ / Нет

В) 5%

Г) 10%

Д) 15%

Е) 20%

Сіздің ұсынысыңыз / Свой вариант _____

8. Сіздің кәсіпорында агроном, инженер және т. б. кадрлар тапшылығы бар ма? / Наблюдается ли в Вашем предприятии нехватка кадров агроном, инженер и т.д.?

А) Иә / Да

Б) Жоқ / Нет

9. Сіз «Субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесі» сайтының жұмысына қанағаттанасыз ба? / Вы удовлетворены работой сайта «Государственной информационной системы субсидирования»?

А) Иә / Да

Б) Жоқ / Нет

В) Бұл сайт туралы ақпарат жоқ / Не владею информацией об этом сайте

10. Инвестициялық субсидиялауды жақсарту бойынша ұсыныстарыңыз: / Ваши предложения по улучшению инвестиционного субсидирования:

Әлеуметтік сауалнамаға уақыт бөлгеніңіз үшін рахмет! / Спасибо, что нашли время для социологического опроса!

SEVALO

ТОО «Sevalo Engineering Machinery Kazakhstan»
 (Севало Инжиниринг Машинери Казахстан)
 Юр.адрес: Бухтарминская 4/1,
 РНН: 600500594048, БИН: 120440013624
 Р/с - KZ339130015942210 KZT
 АО ДБ «Банк Кигая в Казахстане»
 e-mail: too.sevalo@mail.ru

Первому руководителю

**Официальный дистрибьютор совместного завода SDLG & VOLVO в
 Республике Казахстан**

**VOLVO****КОММЕРЧЕСКОЕ ПРЕДЛОЖЕНИЕ**

ДАТА: 21.03.2024г.

МНОГОФУНКЦИОНАЛЬНЫЕ СПЕЦТЕХНИКИ В КАЗАХСТАНЕ SDLG

Техника SDLG производится с применением высокотехнологичных методов сборки на оборудовании от известного автогиганта Volvo. Поэтому если вы решите купить любой дизельную технику, то гарантированно получите в свое распоряжение надежный и мощный механизм. Основные категории работ, при которых используется техника данного типа.

Предлагаемый нашей компанией китайский дизельный погрузчик может поставляться как с основным оборудованием, к которому относится ковш на подъемной стреле, так и с дополнительным (вилы, лесо и трубозахваты и пр.). Основные преимущества техники SDLG:

- **Повышенная надежность** – благодаря продуманной конструкции двигателя и мощной гидравлической системе управления.
- **Любой погрузчик колесный фронтального типа** отличается доступной ценой.
- **Высокая производительность** – продукция китайского бренда достигается благодаря вместительным ковшам.
- **Эргономичность** – оператору удобно находиться в кабине и оперативно управлять всеми процессами.
- **Комфортабельность** – дополнительная комплектация предусматривает оборудование разных моделей кондиционерами.
- **Экономичность** – минимальное потребление топлива и отсутствие необходимости осуществлять частую замену узлов.



SEVALO

**Фронтальный погрузчик
SDLG L935H
Технические характеристики**

Двигатель	Weichai(DEUTZ)
Модель	WP6G140E22
Мощность двигателя	105 кВт / 140 л.с.
Объем ковша куб	2,1
Грузоподъемность (кг)	3500
Рабочая масса (кг)	10940
Макс высота выгрузки (мм)	2950
Дальность разгрузки (мм)	1140
Управление рабочим оборудованием	Джойстик
Топливный бак, л	200
Масло двигателя, л	18
Система охлаждения, л	45
Гидравлическая система, л	128
Скорость движения, км/ч	40
Габариты	7320*2520*3170
Максимальный угол поворота, гр.	38
Год выпуска-2022г.	

Сроки поставки в наличии. (DDP Алматы)
Цена : 16 100 000 тенге



В СТОИМОСТЬ ВХОДИТ:

- предстартовая подготовка
- обучение операторов техническому обслуживанию
- **Гарантия на оборудование - 24 месяцев или 4000 мото/часов** (что наступит ранее);
- Оплата в **тенге** по коммерческому курсу компании на день заключения договора;
- **DDP Almaty** – вывоз со склада Продавца (НДС и таможенные пошлины оплачены);
- Высоквалифицированные специалисты для консультации по обслуживанию техники;
- Склад запасных частей;

Условия поставки: DDP Алматы;

Условия оплаты:

1. **Вариант: 100% предоплата;**
2. **Вариант: Лизинг - от 19% годовых, 30% предоплата, сроком от 3- до 5 лет.**
3. **Вариант: Аренда с последующим выкупом, предоплата мин. 50% от общей суммы, остаток суммы на 4 месяцев с ежемесячным платежом.**

Будем благодарны Вашим комментариям по предоставленному нами предложению и готовы более детально обсудить конфигурацию, цены и сроки поставки техники **SDLG** в любое удобное для Вас время!



*С уважением,
ТОО «Sevalo Engineering Machinery Kazakhstan» (Севало Инжиниринг Машиинери Казахстан)
Моб, 8 777 262 10 45 Дулат*

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА НЫСАНЫ

Жоба (зерттеу) авторы: Биржан Елеусизович Елтаев
Ғылыми жетекшісі: Серик Исаевич Рустамбеков

Жоба (зерттеу) идеясы	Атауы Ақмола облысының мысалында ауыл шаруашылығы саласындағы инвестициялық субсидияны дамыту
Проблемалық жағдай (кейс)	<p>Сипаттамасы</p> <p>Дүние жүзіндегі тұрақсыздық жағдайында, азық-түлік қауіпсіздігі мен ауыл шаруашылығын дамыту мәселелері бірінші орынға шығуда. Елімізде АӨК-і дамытуда бірқатар проблемалық мәселелер бар.</p> <p>Олар: Ауыл шаруашылығы саласын дамытуды қиындататын негізгі факторлардың бірі – маусымдық және табиғи-климаттық жағдайларға тәуелділікпен байланысты өндірістегі тәуекелдің жоғары деңгейі. Заманауи технологияларға, техниканы жаңартуға және кадрларды оқытуға инвестицияның жетіспеушілігі. Білікті жұмыс күшінің жетіспеушілігі. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында өндірісті дамытуға, жабдықтарды жаңартуға және бизнесті кеңейтуге инвестициялау үшін қол жетімді несие ресурстарының тапшылығы және т.б.</p> <p>Осы мәселелердің алдын алу үшін «Қазақстан-2050» стратегиясы, Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы және басқада мемлекеттік құжаттарда, АӨК-і дамытудың мүмкіндіктері, бағыттары, реформалары қарастырылған.</p> <p>Осыған орай біздің ойымызша тиімділігі жоғары қаржы құралдарының бірі – агроөнеркәсіптік кешендегі инвестициялық субсидиялауды дамытудың потенциалын және тиімділігін зерттеу қажет.</p>

Аталмыш проблема бойынша қолданыстағы шешімдер

Қолданыстағы тәсілдердің жіктелуі

Қазіргі уақытта жоғарыда көрсетілген мәселелердің шешімін табу үшін, ауыл шаруашылығы саласының инвестиция тартымдылығын арттыру үшін және АӨК-і дамыту аясында 2014 жылдан бастап жаңа қаржылық қолдау – ауыл шаруашылығы субъектілерін инвестициялық субсидиялау жүзеге асырылуда.

Артықшылықтар

Агроөнеркәсіптік кешенді инвестициялық субсидиялау ауыл шаруашылығына қосымша инвестиция тартуға ықпал етеді, бұл техниканы жаңғыртуға, жаңа технологияларды енгізуге және өндіріс қуатын арттыруға ықпал етуде.

Мемлекеттің қаржылық қолдауының арқасында ауыл шаруашылық кәсіпорындары технологияларын, процестерін және өнім сапасын жақсартты, бұл олардың нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді. Азық-түлік өндірісін арттыруға және елдің азық-түлік қауіпсіздігін жақсартуға көмектесті.

Сондай-ақ ауылды дамытуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және жергілікті тұрғындардың өмір сүру деңгейін жақсартуға, өндіріс процестерін оңтайландыруға және өнімділікті арттыруға көмектесті.

Бұл бағыттағы субсидияларды алу ауыл шаруашылығы кәсіпорындары үшін жаңа жобалар мен технологияларды енгізу кезіндегі қаржылық тәуекелдерді азайтуға көмектесті, өйткені шығындардың бір бөлігін мемлекет өтейді.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес субсидиялаудың бұл түрі оң сынақтан өткен, дәлелденген тиімді қолдау шарасы ретінде жіктеледі.

Кемшіліктер

	<p>2023 жылғы 29 қарашадағы №12 инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларына өзгерістер енгізуге сәйкес, бұл қағидадағы көптеген мәселелер өзектілігін тапты. Соған қарамастан келесідей проблемалық мәселелер өзекті болып қала береді.</p> <p>Олар: Міндетті түрде мемлекеттік тіркеуді қажет етпейтін жабдықтар, құрылғылар, техникаларды (<i>комбайнға арналған орақ, тракторға арналған шанышқылар, соқа т.б.</i>) цифрландыру бойынша мәселелер, негізгі бөлімде көрсетілген жоба паспорттарына қатысты мәселелер, сондай-ақ шаруаларға берілетін субсидияларды мақсатты пайдаланбау, СМАЖ-і ақаулар, АӨК-і инвестициялық субсидиялауда шетелдік тәжірибе мен технологияны қолдану мүмкіндіктерін қарастыру.</p>
<p>Аталмыш проблема бойынша ұсынылатын шешім</p>	<p>Балама тәсілдің сипаттамасы, оны жүзеге асыру тәртібі</p> <p>Бағдарламаны жетілдіру бойынша әзірленген ұсыныстар: Жоғарыда айтылған тұжырымдар негізінде АӨК-і инвестициялық субсидиялау бағдарламаларын жетілдіру бойынша мынадай ұсыныстар ұсынылады:</p> <p>1.Субсидиялау саласында мемлекеттік қызметтер көрсету нәтижелерін берудің, өңдеудің және алудың бірыңғай жүйесіндегі ақаулармен, кемшіліктердің алдын алу үшін, ұсынылған ауыл шаруашылық кәсіпорындарымен кері байланысты орнату батырмасы, көптеген мәселелерді шешуге, оның ішінде қажет емес қағаз айналымын азайтуға, фермерлер мен ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік қызметкерлердің уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді. Бұл ұсынысымыз елімізде жүргізіліп жатқан дебюрократизациялау ісшаралары төңірегінде өзекті деп ойлаймыз;</p>

	<p>2. АӨК-і инвестициялық субсидиялау қағидаларына және осы қағидадағы жобалар паспорттарына қатысты ұсыныстарымыз қабылданған жағдайда, ол фермерлердің жұмыс барысын жеңілдетіп қана қоймай, ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік қызметкерлер үшін өз септігін тигізеді. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы техникасын, жабдықтарын, құрылыстарын толық цифрландыруға және іссапарларға жұмсалатын мемлекеттік қаражатты үнемдеуге мүмкіндік береді.</p> <p>3. Ауыл аймақты дамыту және ауыл шаруашылығы кәсіпорындары арасындағы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін заңды жүзеге асыру бойынша ұсынылған шетелдік тәжірибе, тек қана ауыл аймақтың инфрақұрылымын жақсарту бойынша ғана емес, сонымен қоса ауыл шаруашылығы кәсіпорындары арасындағы мамандардың жетіспеушілігі жайлы мәселелерді шешуге септігін тигізеді;</p> <p>4. Шетелдік технологияларды Қазақстанда дұрыс қолдану және еліміздің өзгермелі табиғи-климаттық жағдайына қарамастан жыл бойы мал азығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қоса азық-түлік және экономикалық қауіпсіздік мәселелерін шешуде беретін мүмкіндіктері көп.</p>
<p>Күтілетін нәтиже</p>	<p>Балама тәсілдің тиімділігін өлшеу, оны жүзеге асыруды бағалау әдістері</p> <p>Жоғарыда көрсетілген ұсыныстар жүзеге асырылған жағдайда:</p> <p>Бірінші ұсыныс бойынша осы ақпараттық жүйедегі қажет емес қағаз айналымы азайып, жүйеде пайда болған ақауларға қатысты сұрақтарды тез арада шешуге мүмкіндік береді, сонымен қатар фермерлердің өзекті ұсыныстарын жиі қарастыруға мүмкіндік беріп, фермерлер мен мемлекет арасындағы қарым-қатынастар ұлғаяды.</p>

	<p>Екінші ұсыныс бойынша инвестициялық қағидаға жыл қорытындысына сәйкес бәр рет қана өзгеріс енгізілетін болса, ол жұмыс барысын оңтайлы жоспарлауға мүмкіндік береді.</p> <p>1 тарау 4 тармағы бойынша міндетті түрде тіркеуді қажет етпейтін техникалар және жабдықтар цифрландырылып тіркеуге мүмкіндік береді және мемлекеттік қызметкерлердің жұмыс уақыты үнемделеді, сонымен қатар №1 және №21 жоба паспорттары шеңберінде сатып алынатын жабдықтар мен техника бойынша фермерлерге қойылған шектеулер азаяды.</p> <p>Үшінші ұсыныс бойынша Германияның АӨК-і субсидиялау тәжірибесі қолданған жағдайда, еліміздің субсидия алушы фермерлерге өзара міндеттемелерді талап етуге мүмкіндік беріп, ауыл аймақты дамытып, осы аймақтарға қажетті мамандарды тартуға септігін тигізеді.</p> <p>Төртінші ұсыныс бойынша гидропоникалық мал азығын өсіру әдісін қолдану арқылы, қазіргі уақытта өзекті мал азығына қатысты мәселелер ішінара шешіліп, ауа райына тәуелді емес мал азығын дайындауға мүмкіндік береді.</p>
<p>Әдебиет</p>	<p>Тізім</p> <p>1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты «www.akorda.kz». – URL: https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-adilet-ti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333. Жүгінген күні: 13.02.2023 ж.;</p> <p>2. Қазақстан Республикасының бірінші Президенті – Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы</p>

// Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты «www.akorda.kz». – URL: https://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-elbasy-nenazarbaevtyn-kazakstan-2050-strategiyasy-kalyptaskan-memlekettin-zhana-sayasi-bagyty-atty-kaza. Жүгінген күні: 13.02.2023 ж.;

3. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 960 қаулысы. // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет». – URL:

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000960#z31>. Жүгінген күні: 13.02.2023 ж.;

4. Елтаев Б.Е., «Ақмола облысының мысалында ауыл шаруашылығы саласындағы инвестициялық субсидиялауды дамыту» // «Мемлекеттік қызмет: қағидаттар мен құндылықтар» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. – Астана, 13 қазан, 2023. – Б 275-280;

5. Сулейменов М., Казахстан: «Чтобы почву сохранять, прекращайте паровать!» // «КазахЗерно.kz» сайты. – 2009. – URL: <https://kazakh-zerno.net/8479-kazakhstan-chtoby-pochvu-sokhranyat-prekrashchajte-parovat-svoim-vzglyadom-na-selskokhozyajstvennyuyu-otrasl-delitsya-uchenyj-s-mirovym-imenem-m-sulejmenov/>. Жүгінген күні: 14.02.2023 ж.

Және т.б.